

ЖАҢАЛЫҚТАР

Таиландта мектепте біреу қарудан оқ атып, алты адам қаза тапты

7 тамыз 2026 жыл, 12:31



Athit Perawongmetha (Reuters)

Бірнеше адам қаза тапқан Дебсирин Нонтхабури мектебінде оқиға болған жерді тексеріп жүрген полиция өкілдері. Таиланд, 7 тамыз, 2026 жыл.

7 тамызда Таиландта мектеп аумағында біреу қарудан оқ жаудырып, салдарынан алты адам - үш мұғалім мен үш оқушы қаза тапқан. 15 адам жараланған. Олардың екеуі хал үстінде жатыр деген хабар тарады. Олардың екеуінің жағдайы ауыр дейді. Мұндай ақпаратты полиция мәліметіне сүйеніп [CNN](#) және [The Guardian](#) хабарлады.



Атыс болған мектептен қауіпсіз жерге шығарылған оқушылар мен олардың амандығын тілеп сыртта тұрған ата-ана, туыстары . Таиланд, 7 тамыз, 2026 жыл.

Оқиға жұма күні таңертең Бангкок маңындағы Дебсирин Нонтхабури мектебінде болған. Полиция мәліметінше, мектеп оқушыларының бірі қарудан оқ жаудырған деген күдікке ілінген.

Бастапқыда қарулы шабуылға күдіктінің өзі де қаза тапты деген ақпарат тарағанымен, кейін оның ауыр жараланып ауруханаға түскені белгілі болды. Болжам бойынша, ол өзіне қол жұмсауға талпынған.



Challnee Thirasupa (Reuters)

Жараланған мұғалімге жедел жәрдем көрсетіп жатқан дәрігерлер. Таиланд, 7 тамыз, 2026 жыл.

Құқық қорғау органдарының мәліметінше, қолданылған қару күдіктінің отбасы мүшесіне тиесілі болған. Алайда полиция атыс қаруы оқушының қолына қалай түскенін әзірге анықтаған жоқ.

Дебсирин Нонтхабури — Бангкок маңындағы беделді оқу орындарының бірі. Білік дерегіне сәйкес, 2025 оқу жылында мектепте шамамен 3100 оқушы білім алып, 147 мұғалім жұмыс істеген.

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ